

"Алюминий Казахстана" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 21 шілдедегі № 168 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 1-1) тармақшасына, 71-1-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес және 2025 жылғы 7 сәуірдегі № 339-ЖҚГЗ жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия негізінде Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Алюминий Казахстана" акционерлік қоғамына, Қостанай облысы Денисов ауданының аумағында орналасқан жер учаскелерді жер пайдаланушылардан алып қоймай, аланы 26199,4 гектар жер учаскесінде жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында 2028 жылғы 7 сәуірге дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Денисов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Қатпаев